

ОЖСӨЖ №3.

Тақырып: Ертегілерден тыс прозалық жанрлар (аңыздық проза)

Мақсаты: Аңыздық проза туралы мәлімет алу.

Негізгі сұрақтар:

1. Аңыздық проза
2. Аңыздық прозаның жиналуы мен зерттелуі.
3. Аңыздық прозаның ерекшелігі, халықтық сипаты.

Тапсырма: Халық прозасы туралы түсінік. Миф. Мифологияны зерттеудегі натуралистік, антропологиялық, әлеуметтік, структуралы-антропологиялық, т.б мектептердің табыстары. Аңыз әңгімелер. Олардың негізгі тақырыптары мен мазмұны. Орта Азия елдеріне ортақ аңыздар. Аңыздардың тәрбиелік сипатын ашу. Ғылыми мақала жазыңыз.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау: Тақырып бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді тереңдетіп талдау жасау үшін тақырып бойынша теориялық материалдарды жинақтап, салыстыру арқылы талдау жасау. Берілген теориялық материалдарды әр қырынан алып қарастырып, арнайы талдап, танып-білу.

Ғылыми мақала дегеніміз – ғылыми зерттеулер нәтижелерін сипаттау. Ғылыми мақала зерттеу тақырыбы бойынша нақты жекелеген мәселелерді қамтитын, нәтижесі берілетін, автордың ғылыми басымдығы көрінетін жарияланымның бір түрі болып табылады. Ғылыми мақала маманның жетістігін көрсетеді. Ғылыми мақаланы іштей үшке бөлуге болады: Ғылыми-теориялық мақалалар теориялық ізденістер мен зерттеліп отырған мәселенің заңдылығын түсіндіруге арналады. Теориялық мақалалар кез келген зерттеуді жүргізудің негізі болып табылады. Ғылымда тек теориялық пайымдаулардың көмегімен тың жаңалықтар ашылып, кейін тәжірибе мен эксперименттер арқылы дәлелденген оқиғалар аз кездеспеген. Кейбір салаларда тек қана теориялық әдістер арқылы зерттелетін нысанның маңызын ашуға болады. Ғылыми-практикалық мақалалар ғылыми эксперименттер мен шынайы тәжірибеге арналады. Оларда эксперимент жүргізу әдістері не зерттелетін құбылысты бақылау құралдары мен оларды тіркеу тәсілдері сипатталады. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді баяндау мен оларды түсіндіру мұндай мақалалардың негізгі бөлігі болып табылады. Ғылыми-әдістемелік мақалалар ғылыми немесе қолданбалы міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін әдістер, тәсілдер, құралдар мен үдерістерге шолу жасауға арналады.

Есеп беру түрі: ғылыми мақала

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: 9 апта

Жоғарғы ұпай - 4